

табиғатын, мағынасы мен жасалу жолдарын анықтау бүгінгі күннің тілтаным талабынан туындап отыр. Күрделі сөздерді, әсіресе, сөз тіркестеріне қатысты зерттеу сөз жасау заңдылықтарын айқындауда маңызды болып табылады.

1. Жанпейісов Е. Күрделі зат есімдер //Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. А., 1989.

2. Василевская Е.А. Словосложение в русском языке, М., 1962.

3. Ряшенцев К.Л. О сложных словах в современном русском литературном языке //Ученые записки Северо-Осетинского педагогического института, Орджоникидзе, 1966, Т.27, Вып.3, Ч.1.

4. Воронцова К.Б. Принципы формирования сложных имен существительных в современном русском языке //Труды кафедр Восточной Сибири и Дальнего Востока, Улан-Удэ, 1966, Т.4.

5. Яцимирский В.М. Развитие способов словосложения в русском языке Советской эпохи //Ученые записки Ивановского пединститута, Иваново, 1954, Т.6.

6. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. А., 1979.

7. Ысқақов Ә. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. А., 1991.

8. Балакаев М.Б. Основные типы словосочетаний в казахском языке. А., 1957.

9. Б.Қасым. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негізі (филол.ғ.д.дисс.). А., 2002.

10. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. А., 1981.

\*\*\*

В статье рассматривается переход словосочетаний в сложные слова, а также анализируется их взаимопереход как промежуточное языковое явление.

\*\*\*

The article discusses the transition phrases into compound words, and also analyzes their intertransitions as an intermediate linguistic phenomenon.

*М. Б. Сабыр*

### «ОРТААЗИЯЛЫҚ ТӘПСІР» (XII-XIII ҒҒ.) ЖАЗБА ЖӘДІГЕРЛІГІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ

Орта Азия түркі тілдерінің тарихында XI – XV ғасырлар өте күрделі кезең. Бұл кезеңдерде түркі тілдерінің диалектілері мидай араласып жатты. Осы тұста дүниеге келген жазба ескерткіштерде арлас тілде жазылды. Орта Азиядағы бүгінгі түркі тілдерінің тарихы үшін осы өңірде дүниеге келген жазба жәдігерліктер үлкен рөл атқарады. Сонда маңызы зор ескерткіштің бірі «Ортаазиялық тәпсір». Ол Құран Кәрімнің жолма–жол аудармасы, сонымен қатар сүрелерге түсіндірмелер беріп отырады. Құранның түркі тілдеріндегі жолма – жол аудармалары өте көп болған. Белгілі түрік ғалымы Абдулқадыр Инан «Ортаазиялық тәпсірдің» Түркияның «Түркілік және исламдық шығармалар мұражайында» сақталған Құранның аудармасымен өте жақын екенін анықтаған. «Ортаазиялық тәпсірдің» жазылу уақытын дәл көрсету өте қиын. Мәтінің өз ішінде еш мәлімет көрсетілмеген. В.В.Бартольд бұл жазба ескерткіштің тілдік құрылымына қарай «өте ерте кезеңде, яғни XI ғасырдағы дидактикалық поэма «Құтадғу білікпен» бір шамада жазылған деп есептейді [1]. Профессор Көпрюлю М.Фуадтың пікірінше Тәпсір X ғасырдың аяғында немесе XI ғасырдың басында Батыс Түркістанда жазылған, бірақ бізге белгілі жазба кейінірек,

тимуридтар дәуірінде көшірілген. Ортаазиялық тәпсірді арнайы зерттеген А.К. Боровковтың «Наличие в среднеазиатском тевфсире терминов монгольской эпохи и более позднего тимуридского времени (мірзада), как это отмечено Бартольдом, а также новшеств в орфографии и морфологии заставляют предполагать, что наш список переписан в XV в., однако, по всем данным, правильнее считать, что первоначальный перевод и комментарии относятся к XII-XIII вв.», -деген тұжырымының маңызы зор [2].

«Ортаазиялық тәпсірдің» тілі туралы анықтама беру үшін тарихқа үңілу керек. Профессор С.Е.Маловтың пікірінше Орталық және Орта Азияда бастапқыда тарихи кең тұрғыда әдеби шығыс түркілік тілі болды. Кейін оның орнын әдеби батыстүркілік й тілі басып, д тілін ығыстырды Соның нәтижесінде әдеби тілдің диалектілік негізі өзгерді. Бұнымен қатар сына жазуы мен көне ұйғыр әліпбиінің орнына араб жазуы дендеп ене бастады. (кейінірек шағатай тілі деп аталды). Біз зерттеп отырған ескерткіш осы өтпелі кезеңге тиесілі болуы керек.

«Ортаазиялық тәпсірдің» тілдік деректеріне қарағанды д(ḏ) тілді ескерткіштер қатарына жатады, бірақ з элементі мен й элементі де

байқалады. Мысалы, *қоды, қозы, қойы* «төмен» және т.б. Бұндай ерекшелік «Қиссас ал-анбийя» ескерткіштерінің кейінгі жазбаларында байқалады. Бұл оғыз-түркімен әдеби дәстүрінің әсері екені анық. Ол қазіргі түркімен тіліндегі интердентальды *д* -дан анық байқалады. Орта ғасырларда *д* тілі мен *з* тілінің аралсқандығы көрініп тұр. Тәпсірде оғыз-түркімен элементі лексикадан да, фонетикадан да байқалады: Қатаң *т*-ның ұяң *д* – ға айналғанын көреміз: *дәгул –(түгел), дәгрә (айнла, төңірек)* т.б.

«Ортаазиялық тәпсірді» тарихи лексикология шеңберінде бүгінгі тірі түркі тілдерімен салыстыра зерттеу қажет. Жекелген сөздерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан семантикалық өрісін зерттесек, оның этноспен сабақтастығы ашыла түседі. Б.А.Лариннің айтуынша “Далекая цель исторической лексикологии – выяснение таких компонентов словарной системы языка, которые в истории его развития эволюционируют единым фронтом, т.е. обнаруживают прочные, устойчивые связи” [3,12]. Егер әрбір сөз тарихи тілдік сабақтастықты білдіретін болса біз зерттеп отырған ескерткіштің көптеген сөздері қазіргі қазақ тілінде кездесуі соған жарқын дәлел. Қазіргі таңда түркі лексикологиясының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі жекелеген тілдерді синхрондық тұрғыдан да, диахрондық тұрғыдан да кешенді зерттеуге алу. Тарихи-салыстырмалы әдіске сүйенген зерттеу ғана бүгінгі тірі тілдің тарих қойнауында қалған жазба жәдігерлікке алыс-жақынын, туыс-жекжат екенін анықтай алады. Қандай да бір тілдің лексикасы басқа тілдік категориялардан қашанда бұрын сөйлейді, мол ақпарат бере алады. Көрнекті ғалым К.М.Мусаев “Когда говорят, что язык представляет собой кладовую истории народа – его носителя, прежде всего имеется в виду его лексика, которая непосредственно реагирует на все изменения в жизни народа” деп тұжырымдайды [4,23]. «Тәпсірдің» лексикасын шолып, зерделесек қазақ тілімен мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкесетін көптеген сөздерді кездестіреміз. Мәселен, **Зат есім сөздердің қатары:**

*Ана* Таф.І – ана. Пайғамбар алты йашқа йетмиш әрди қин анасы Аминә вафат болды «Анасы Әмина қайтыс болған кезде пайғамбар алты жаста еді»;

*Айақ* Таф.І – айақ, Ики ел турур ики айақ турур «екі қол, екі аяқ»(106б10);

*Айтушы* Таф.І – айтушы, Тақы айтты айтушылар ол деванә турур «және айтты айтушылар ол диуана деп»(115б,3);

*Араб* Таф.І – араб, Араблар адат болур әрди. «арабтарда әдет-ғұрып болды» (110, 19);

*Базар* Таф.І – Мән базарқа бардым «Мен базарға бардым» (57, 4);

*Балшық* Таф.І – балшық, Балшық бирлә куш әрәтмән «балшықпен құс жасаймын» (18б, 16);

*Бел* Таф.І, – бел, Аның белиндин йа тизиндин су кәшмәди «оңың белинен не тизесінен су аспады»(62б,2);

*Біліг* Таф.І – білім, біліг, Қамуқ бәрдимимз аңар никмәт біліг «біз оған ақыл мен білігті толықтай бердік» (36, 7);

*Бөрі* Таф.І – бөрі, *бізқа йақы бөрі болса біз қойларни анда кизлармиз* «егер бізге бөрі ұрынса,біз онда қойларымызды тығамыз» (9,18);

*Дақ* Таф.І – дақ, таңба, ен, Дақ қылурман аның бурны үзә «мен оның тұмсығына таңба саламын» (100,9);

*Күн* Таф.І – күн(тәулік), Қач күн қачты «бірнеше күн өтті»(146,21);

*Кесек* Таф.І – кесек, Бір кесек тарығым әрди «бір бөлек егінім бар еді»(39,36);

*Қабық* Таф.І – қабық, Хурма қабықы йіпі «құра қабығынан жасалған жіп»(146б,9);

*Қылыш* Таф.І – қылыш, Арқамызда фіравн қылыч тартса «артымыздан ферғаун шабуыл жасаса»(31,29);

*Қамшы* Таф.І – қамшы, Қамшы бірлә мәні урдуң «сен мені қамшымен ұрдың» (145, 8);

*Оңайлық* Таф.І – оңайлық, Ішіміздің оңайлық «ішіміздің оңайлығын»(76,2);

*Ойан* Таф.І – ойан (оян), Уйкудын ойаныб бақты (68,7);

*Ыссылық* Таф.І – ыссылық, Тамуқ оты... кім аның ыссылығы «тамұқ оты оның ыссылығы» (66,18);

*Сезік* Таф.І – сезік, Йоқ сезік «сезік жоқ»(40,8);

*Сел*Таф.І – сел, Йағмур йағды сел йүріді «жаңбыр жауды, сел жүрді»(71,14);

*Сіңір* Таф.І – сіңір, Сіңірін кестіләр «сіңірін кесті»(62,3);

*Ит* Таф.І – ит, ол қойшының иті бар әрди «ол қойшының иті бар (9,12);

*Сарай* Таф.І – сарай Дар ан-надірә кеңешу сарай әрди «Дар ан-надира кеңес өткізетін сарай еді»(26б,3);

*Төбе* Таф.І - төбе, Оларың төбелерінде «олардың төбелерінде»(37,2);

*Тікен* Таф.І – тікен, Тікенсіз йумшақ болур «тікенсіз жұмсақ болар»(69,7);

*Тіл* Таф.І – тіл, Фасіһ тіл бірлә сөзләді «таза тілмен сөйледі»(27б,19);

*Тілек* Таф.І – тілек, Узу бардылар тілэк-ләрінка «Олар өз тілектерінің соңынан ерді» (146,5);

*Тон* Таф.І – тон, Тонлары йашыл «тондар жасыл»(3,9);

*Інген* Таф.І – інген, Пайғамбар інгенні «пайғамбардың інгенін»(63,1);

*Ірің* Таф.І – ірің, Ірің тег сувлар «ірің сияқты сулар»(1046,19);

*Рамазан айы* Таф.І –рамазан айы, Рамазан айы оруд тутды «рамазан айында ораза ұстады» (39,3);

*Тікен* Таф.І –тікен,Тікенсіз йумшақ болур «тікенсіз жұмсақ болар»(69,7);

Бұдан басқа да мындай сөздер кездеседі: арқа, ат, аты, адым, ай, ата, арық, арпа, бай, бал, балық, балта, бармақ, ел, ен, көз, көз (көз, бұлақ), көк (көк, аспан), күн, күн, күт, қар, қой, қазан, қан, қанат, қалқан, қарын, қылық, қын, қозы, қол, қонақ, орта, ортақ, от(шөп), от, оқ, сақал, сөз, там (үй), тырнақ, той, түк (жүн), түн.

Екі дәуір тіліне ортақ зат есімдер өте мол, ескерткіш тілінде туынды, негізгі, деректі, дерексіз т.б. зат есімдер кең орын алған.

#### **Сын есім сөздердің қатары:**

*Сезіксіз* Таф.І-сезіксіз, Йазуқлар сезіксіз «Күнәһарлар сезіксіз»(5,1).

*Кір* Таф.І – кір,Кір болмағай «кір болмаса деп»(144,22).

*Кіші* Таф.І – кіші, Өзгү кішілер «жақсы кішілер»(11,34).

*Қыйын* Таф.І – қыйын, Өртеген қыйын «өртеген қыйын (отпен азаптау)»(718).

*Оң* Таф.І-оң, Оң еліктеріңізні «оң қолыңызды» (306,31).

*Өзге*Таф.І-өзге, Өзге ев «өзге үй»(54,6). Бұдан басқа *ақ, ақсақ, кең, қызыл* сияқты сапалық сын есімдер жиі кездеседі.

**Сан есім сөздер ескерткіштер тілінде көп қолданылады.** Дені ішінара дыбыстық өзгерістерге бой ұрған, ал тұлғасы да, мағынасы да қазақ тіліне дәл келетін бес сан есім ғана бар. Олар:

*Бір* Таф.І – бір, кейбір, а бір болур ««а» әрпі бірді білдіреді» (16, 6).

*Сексен* Таф.І – сексен, Сексен йыллар «сексен жыл»(56,5), Бұдан басқа *алты, он, тоқсан* сан есімдері бар.

#### **Етістік сөздер қатары:**

*Ата* ХШ, НФ –ата, Хақ тағала иблис ата атады «Хақ тағала ібіліс деп атады» (НФ, 185а2).

*Кій* Таф.І – ки (кій), Келім кійді «жамылғыш киді»(736,5).

*Көрін* Таф.І – көрін, Үчәгү көрінді «үшеуі көрінді»(132,16).

*Кес* Таф.І – кес, Йол кесділәр «жол кесті» (796,13).

*өрте*Таф.І - өрте, Айдылар өртеңлер аны «айтты өртеңдер оны»(35,7).

*Кір* Таф.І – кір, Кірәләр тамуққа «тамуққа кірер»(826,12).

*Семірт*Таф.І – семірт, Семіртмәз «семіртпе...» (131,16).

*Сілк* Таф.І – сілк, Өгәр мені бір азын сілкесіз... «егер мені келесі де сілкесіз...» (27,18).

*Соқ* Таф.І – соқ, Сені ташын соқа өлдүрғайләр «сені таспен соғып өлтіреді» (96,8).

*Тық* Таф.І – тық (затыкаты), Нерсе тықа білміділәр «олар нәрсе тыға білмеді»(36,4).

*Той* Таф.І – той, Барша ашны йеб тойдылар «олар барша асты жеп тойды»(146,9)

*Тіле* Таф.І –тіле, Көңлі тіләдүкі ішләр «көңілі тілеген істер»(1286,1).

*Қыздыр* Таф.І – қыздыр, Қыздырыб азаб қылдылар «қыздырып азаб көрсетті»(136,6).

*Қыс* Таф.І – қыс, Мәні тутты қысды «мені ұстап, қысты»(138,15).

*Ырға* Таф.І – ырға, Хурманы ырғағыл «хурманы ырға»(18,10).

*Іш* Таф.І – іш, сут ішділар «олар сүт ішті» (28, 20).

*Мін* Таф.І-мін, Аңа мінәсі «оған(атқа) мінгенде»(686,2).

Бұдан басқа *арт, айрыл, алда, ал, айт, ас, ат, ақ, көм, кел, күй, күл кез, орна, орнат, ойан, оқы, өл, өп, сат, сез, сын, сына, сол, тол, қой, қорқыт, ырға,қал,қан, күзет,қыйна, қыл* сияқты етістіктер жиі кездеседі.

Ескерткіш тілінде қазақ тілімен толық лексикалық параллель бола алатын етістіктер өте көп. Олар негізгі және туынды, көмекші, салт, сабақты, болымды, болымсыз тұлғаларында ұшырасады.

**Үстеу сөздердің қатары да** ескерткіш тілінде күшейткіш, мөлшер, мекен, сын-бейне мағынасында көптеп кездеседі. Мысалы, *аз, көп, ілкі*.

*оза* Таф.І – оза, алдымен, бұрын (ошауып...), Күн тоқмаздын оза «күн тумастан бұрын»(52,11).

#### **Есімдіктер қатары:**

*Олар* Таф.І –олар, Халқ ішінде олар «халық ішінде олар»(140,9).

*Сіз* Таф.І –сіз, Көндүрүр сізні көні йолға «сізді тура жолға бастайды»(43,1).

*Біз* Таф.І – біз, Біз ғарыблармыз «біз кезбелерміз»(11,12).

*Неше* Таф.І – неше, не себепті, Неше азар қылурсыз «неге сіз мені ренжітесіз»(866,15).

Бұдан басқа *анда, мен, сен, ол, қайда* сияқты есімдіктер мәтінде жиі ұшырасады.

Қорыта айтқанда «Ортаазиялық тәпсір» жазба ескерткішінің тілін қазіргі қазақ тілімен фоно-морфо-семантикалық тұрғыдан салыстыра зерттеу жүргізсек тіл тарихының көптеген мәселелеріне жауап беруге болады. Ал ескерткіш тіліндегі қазақ тілімен мағынасы да, тұлғасы да сәйкес келетін сөздер бұл жәдігерліктің тілін қыпшақ-оғыз аралас тілінде жазылған деп топшылауға дәлел бола алады.

1. В.В.Бартольд, История културной жизни Түркестана. Л., 1927.

2. А.К.Боровков, Лексика Среднеазиатского тefsира XII-XIII вв. Москва, 1963.

3. Б.А.Ларин, История русскоо языка и общее языкознание. – Москва, 1977.

4. К.М.Мусаев, Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. – Москва, 1975.

\*\*\*

В этой статье рассматривается средневековый письменный памятник «Среднеазиатский тапсир». В памятнике исследуются лексические единицы взаимосвязанные с казахским языком.

\*\*\*

In this article the medieval written monument «Central Asian tapsir» is considered. In the monument lexical units interconnected with the Kazakh language are investigated.

*Ж. О. Сагындыкова*

## ФОРМИРОВАНИЕ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ НЕОЛОГИЗМОВ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Как известно, лексический ярус является наиболее чувствительным к изменениям в языке. При этом процесс трансформации лексического пространства почти непрерывен, в чем и заключается связь языковой системы с другими сферами общественной жизни (политической, социально-экономической, государственной). Совершенно очевидно: чем интенсивнее изменения в политике, тем интенсивнее изменения лексики на каждом этапе ее развития. Рассмотрим этот процесс на современном лексическом материале русского языка общественно-политической сферы, поскольку последние 10-15 лет – период исторических изменений в России: в ее политической и экономической системе, правовой и культурной областях, в менталитете народа, что самым непосредственным образом отразилось на словарном составе. Именно в сфере политической лексики наблюдаются существенные изменения, обусловленные такими общественно-политическими процессами как разгон Верховного Совета, принятие Конституции, приватизация, война в Чечне, дефолт, укрепление власти в связи с приходом на пост президента В.В.Путина, террористические акты в Беслане и Норд-Осте.

Анализ практического материала исследования показал, что в вокабуляре общественно-политических неологизмов русского языка

преобладают неологизмы первой группы (53%). Это связано с периодом зарождения и становления в России нового общественного строя в 90-ые годы XX в. Так, с изменением политического строя появились слова: *постсоветский, межправительственный, дебюрократизация, декриминализация, доперестроечный, доприватизационный, пиар, мажилисмен, маслихат, инаугурация*; с переходом на рыночную экономику: *хеджирование, евровалюта, бизнес-леди, оффшор*; с расширением международной политики: *саммит, глобализация, нераспространение ядерного оружия, страна-изгой, большая восьмерка, планетарная этика*.

Ко второй группе относятся трансноминанты. Напомним, они появляются в языке с целью дать новое, более эмоциональное имя предмету, уже имеющему нейтральное наименование. Они насчитывают небольшую группу общественно-политических неологизмов (4%). Например: *наркозелье* (наркотик), *градоначальник* (строитель), *вахы* (ваххабиты), *триколор* (флаг), *криминал* (преступление) и др. Небольшое количество трансноминантов в русском языке в общественно-политической сфере связано с тем, что современный русский язык еще формирует новый общественно-политический словарный запас и, главным образом, с помощью собственных ресурсов или благодаря словообразованию. В русских газет-